

**Қазақстан аймақтарындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз
етуді шешу жолдары**

Г.С.Смагулова

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

А.К.Танкиева

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент,
«Нархоз» университеті

Аңдатпа. Мақалада азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйін мониторинг жасау мен бағалаудың мәселелері қарастырылып, Қазақстанда қалыптасқан тәсілдерді өзгертудің қажеттілігі негізделген. Едің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және қуатты мемлекет қалыптастырудың, оның ұзақ мерзімді табысты дамуы мен экономикалық өсуінің басты шарттарының бірі болып табылатындығы дәлелденген.

Аннотация. В работе рассмотрены проблемы мониторинга и оценки состояния продовольственной безопасности, обоснована необходимость изменить сложившиеся в Казахстане подходы. Предложена система показателей и методика их исчисления, проведены расчеты обобщенного показателя продовольственной независимости страны, проанализирована экономическая доступность продовольствия для групп населения с различными уровнями доходов. Выявлены регионы с угрозами социальной нестабильности, связанной с ограниченной экономической доступностью продовольствия для значительной части населения.

Abstract. The article is focused on the problem of monitoring and evaluation of food security. The necessity of changing the existing Kazakhstan approaches is proved, a system of indicators and methods of their calculation are proposed, calculations of integral index of food independence are developed, economic access to the food for the population with different income levels is estimated. Regions with threats of social instability associated with limited economic access to food for a large part of the population are revealed.

Кілтті сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, мониторинг, бағалау, азық-түлік тұтыну.

Қазіргі таңда азық-түлік қауіпсіздігі халықаралық ұйымдар мен үкіметаралық органдардың назарындағы өзекті мәселелердің бірі. Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) тұжырымдамасының негізгі ережесіне сәйкес:

- Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл мемлекеттің өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз етуі ғана емес, өз қажеттілігін қанағаттандыру үшін азық-түлікті жеткілікті деңгейде өндіре алуы;

- Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл халықтың қажеттілігін қанағаттандыра отырып, мемлекеттің азық-түліктің қажетті көлемін импорттауға қабілеттілігі;

- Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл мемлекеттің қауіпсіз азық-түлікке физикалық және экономикалық қолжетімділікті қамтамасыз ете алу қабілеттілігі.

Азық-түлік қауіпсіздігін бағалау мақсатында, ФАО бойынша көрсеткіштер жүйесінің төрт бағыты қалыптасқан:

- Азық-түліктің бар болу өлшемі (өндіру көлемі, өтімділік, қор деңгейі, жоғалтулар деңгейі және т.б.);

- Азық-түліктің қолжетімділігі (халық табысына сәйкес азық-түлікті қажетті деңгейде сатып алудың экономикалық мүмкіндігі, темір жол тығыздығын, жолдардың жалпы ұзындығындағы қатты жабыны бар жол үлесін бағалау арқылы азық-түлікті жеткізу мүмкіндігін анықтау);

- Азық-түлікпен қамтамасыз етудің тұрақтылығы (азық-түлік бағасының өзгеруі және т.б. жағдайларға қарамастан азық-түліктің жеткіліктілігі; әлемде азық-түліктің мүмкін болатын жеткіліксіздігіне байланысты әр түрлі әлеуметтік жанжалдар мен табиғи апаттар кездеседі);

- Азық-түлікті тұтыну (нақты тұтыну деңгейі мен тағамдық құндылық нормаларына (калория, ақуыз, микроэлементтер және т.б.) сәйкестігі бойынша анықталады).

Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін бағалау жүйесі де осы бағыттарға сәйкес келеді. Сонымен қатар, ФАО қолданатын кейбір нақты көрсеткіштер Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін бағалау жүйесінде қолданылмайды. ФАО бойынша азық-түлік қауіпсіздігін бағалаудың келесідей көрсеткіштері бар:

- Аштық индексі;
- Халықтың жан басына шаққандағы азық-түлікті өндіру деңгейі;
- Мемлекеттің импортқа тәуелділік көрсеткіші;
- Йод, А витаминінің жетіспеушілігі, анемия, дамуында ауытқуы бар балалардың үлесі;
- Ересектер арасындағы семіздіктің үлесі.

Аталған көрсеткіштердің кейбірі Қазақстан үшін қолайсыз болып табылады. Мәселен, азық-түлікке физикалық қолжетімділікті бағалау үшін ФАО темір жолдар мен қатты жабыны бар жолдардың тығыздығы көрсеткішін қолдануды ұсынады. Алайда, Қазақстан аумағында тұрғындардың орналасу тығыздығы әр алуан. Сондықтан, азық-түлікке физикалық қолжетімділікті бағалауда аталған көрсеткішті қолдану тиімсіз болып табылады. Қазақстан үшін мемлекет статистикасының ерекшеліктері мен көрсеткіштердің маңыздылығын ескеретін, сондай-ақ халықаралық тәсілдерге негізделген бағалау әдістемесін әзірлеу өте маңызды. Бұл әлемдегі және Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігінің жәй-күйін сипаттауға, сонымен қатар Қазақстандағы халықаралық бағалаулардың жеткіліктілігін бақылауға мүмкіндік береді.

Аштық индексі 5 жасқа дейін қайтыс болған балалар үлесі мен 5 жасқа дейінгі төмен салмақпен туылған балалардың үлесі, азық-түлік жетіспеушілігі байқалатын халық үлесінің арифметикалық ортасы арқылы анықталады. Қазақстанда бұл көрсеткіш ең төменгі деңгейде.

Азық-түлік тәуелсіздігі мен шектік мәнге қол жетімділік дәрежесін өлшеу

Доктринада негізгі сегіз өнім бойынша азық-түлік тәуелсіздігі көрсеткіштерінің шектік мәндері бекітілген: бидай және картоп (95%-дан кем емес), сүт және сүт өнімдері (90%-дан кем емес), ет және ет өнімдері, тұз (85%-дан кем емес), қант, өсімдік майы және балық өнімдері (80%-дан кем емес). Аталған шектік мәндер азық-түлік қауіпсіздігінің критерийлері болып табылады, яғни: егер олар орындалса, қауіпсіздікке қол жеткізілген болып есептеледі, ал егер шектік мәндер орындалмаса, онда белгілі бір мәселенің болғандығы. Доктринаға сәйкес, көрсеткіш келесідей есептеледі: қор деңгейінің өсімін ескере отырып, импорттық өнімдерді тұтыну деңгейі оның тауарлық ресурстарымен сәйкестендіріледі (импортпен қатар, отандық өндірістің де). Нәтижесінде сегіз мән анықталады. Кейбірі шектік мәннен асуы мүмкін, кейбірі керісінше. Алайда, жалпы азық-түлік қауіпсіздігі қалай анықталады?

Келесі маңызды мәселе: көрсеткіштерді есептеу барысында неліктен отандық өнімнің экспорт көлемі ескерілмей, тек тауар ресурстарындағы отандық өнім көлемі ғана қарастырылады? Мәселен, егер 1 т итальяндық макарон өнімдерін импорттап, 20 млн т бидай (оның ішінде макарон өнімдері әзірленетін қатты сорттан) экспорттайтын болсақ, Қазақстанда нан және нан өнімдеріне деген азық-түлік тәуелсіздігі болмайды немесе өсімдік майының бір түрі экспортталып, келесі түрі импортталатын болса да өсімдік майы бойынша азық-түлік тәуелсіздігі сақталмайды. Сәйкесінше, азық-түлік қауіпсіздігінің критерийі ретінде азық-түлік тәуелсіздігінің көрсеткішін есептеу әдістемесі нақтылықты қажет етеді. Осылайша, талдаудың алғашқы кезеңінде келесі екі сұрақ туындайды: өнімдер бойынша азық-түлік тәуелсіздігін қалай дұрыс бағалаймыз, Доктринаға сәйкес азық-түлік қауіпсіздігінің критерийі ретінде қарастырылатын, азық-түлік тәуелсіздігінің жалпылама көрсеткішін қалай есептейміз?

Жекелеген өнімдер (ПН) немесе өнім топтары бойынша азық-түлік тәуелсіздігі деңгейі келесідей есептеледі:

$$ПН = (ОП/ОЛ) \times 100,$$

мұндағы, ОП – өндіріс көлемі + қор өзгерісі (жыл басынан қор көлемі – жыл соңына қор көлемі); ОЛ – ел ішіндегі жеке және өндірістік тұтыну көлемі.

Егер өндіріс көлемі (қорларды ескере отырып) тұтыну көлемінен жоғары болса, онда азық-түлік тәуелсіздігі сақталады. Аталған коэффициент бойынша, отандық өндіріс есебінен ішкі тұтынудың қандай көлемін қамтамасыз ете алатындығы ескеріледі. Дәстүрлі есептеу бойынша, экспортталатын өндіріс көлемі есептелмейтін көрсеткіш алынады. Аталған есептеулер нәтижесінде Қазақстанда, артықшылық жағдайында да, азық-түлік тәуелсіздігінің көрсеткіші 100%-дан төмен деңгейді көрсетеді.

Азық-түлік тәуелсіздігінің жалпы деңгейі (АТТЖД) келесі формула бойынша есептеледі:

$$АТТЖД = (1 - (И - Э) / ТАТШ) \times 100,$$

мұндағы, И – импорт құны; Э – экспорт құны; ТАТШ – тұрғындардың азық-түлікке кеткен шығыны. Негізгі азық-түлікке деген қажеттіліктің

қанағаттандырылуы нақты тұтыну мен әр өнім топтары бойынша рационалды тұтыну нормасын салыстыру арқылы бағаланады. Нәтижесінде ҚР әр субъектісі бойынша он коэффициентті есептеп, сәйкес қорытынды жасау қажет. Алайда, кейбір өнімдер бойынша нақты тұтыну рационалды тұтыну нормасынан жоғары, кейбір өнімдер бойынша төмен болуы мүмкін. Сондай-ақ, тұтынудың төмен деңгейі шектеулі экономикалық қолжетімділікті білдірмейді. Аталған жағдайда, талдаудың басқа әдістемесі қажет. Аймақ тұрғындарының негізгі азық-түлікке деген қажеттілігінің қанағаттандырылу деңгейі бойынша жалпы қорытынды жасау үшін, келесі әдістеме әзірленген:

1. Рационалды тұтыну нормасына сәйкес өнім көлемі мен оның ағымдық бағасының көбейтіндісі негізгі азық-түліктің әр тобы бойынша тамақтандыру құнын береді;

2. Азық-түліктің нақты тұтыну құнының, рационалды тұтыну нормасына сәйкес, тамақтандыру жиынтығының құнына қатынасы азық-түлікке кеткен шығынның, нормаға сәйкес тұтынуды қаншалықты деңгейде қамтамасыз ете алатындығын көрсетеді. Нәтижесінде әр аймақ бойынша тек бір ғана коэффициент шығу керек. Егер тұтыну жиынтығының құны рационалды тұтыну нормасына сәйкес жиынтық құнынан (коэффициент 100%-ға тең немесе үлкен) үлкен немесе тең болса, онда аймақ тұрғыны рационалды тұтыну нормасына сәйкес тұтынуды қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие. Аталған коэффициент, неғұрлым 100%-дан төмен болса, соғұрлым рационалды тұтыну нормасына сәйкес тұтынуға қол жеткізу мүмкіндігі төмен болады.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа Жолдауында: «...Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс. Сонымен қатар, астық өнімдері бойынша біз Еуразияда «нан кәрзеңкесі» болуымыз керек. Шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығаруға көшу қажет. Тек сонда ғана біз халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті бола аламыз» делінген. Жолдауда аграрлық сектордың экономиканың жаңа драйверіне айналуы Қазақстан Республикасы экономикасының әлемдік өсімінің орта деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге мүмкіндік беретін негізгі бес басымдығы қатарында айқындалды. [1]

Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және қуатты мемлекет қалыптастырудың, оның ұзақ мерзімді табысты дамуы мен экономикалық өсуінің басты шарттарының бірі болып табылады.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 22 бабына сәйкес азық-түлік қауіпсіздігі экономикалық қауіпсіздігінің бір бөлігі болып табылады және мемлекет тұтынудың және демографиялық өсудің физиологиялық нормаларын қанағаттандыру үшін жеткілікті болатын сапалы және қауіпсіз

азық-түлік тауарларына халықтың нақты және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ете алатын экономиканың, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің қорғалу жай-күйін көздейді. [2]

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-1 бабына сәйкес азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өлшемдеріне төмендегілер жатады:

1) азық-түліктің нақты қолжетімділігі – республиканың барлық аумағында уақыттың әр сәтінде және қажетті ассортиментте азық-түлік тауарларының болуын айқындайды;

2) азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі – әлеуметтік мәртебесі мен тұрғылықты жеріне қарамастан, азаматқа кемінде тұтынудың ең төменгі деңгейінде тамақ өнімдерін сатып алуға мүмкіндік беретін халықтың табыс деңгейінің өсуі арқылы қамтамасыз етіледі;

3) тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі – қауіпті фактордың іске асу ықтималдылығы мен оның салдарының ауырлық деңгейінің ұштасуы ескеріле отырып, адам өмірі мен денсаулығына зиян келуімен және тұтынушылардың заңды мүдделерінің бұзылуымен байланысты тамақ өнімдерін әзірлеудің (жасаудың), өндірудің (дайындаудың), айналымының, кәдеге жаратудың және жоюдың барлық процестерінде (сатыларында) жол берілмейтін қатердің болмауы. [3]

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) тұжырымдамасына сәйкес азық-түлік қауіпсіздігінің критерийі ретінде азық-түлік тәуелсіздігінің көрсеткіші қолданылады.

Жекелеген өнімдер (ПН) немесе өнім топтары бойынша азық-түлік тәуелсіздігі деңгейі келесідей есептеледі:

$$ПН = (ОП/ОЛ) \times 100, \quad (1)$$

мұндағы, ОП – өндіріс көлемі + қор өзгерісі (жыл басынан қор көлемі – жыл соңына қор көлемі); ОЛ – ел ішіндегі жеке және өндірістік тұтыну көлемі.

Егер өндіріс көлемі (қорларды ескере отырып) тұтыну көлемінен жоғары болса, онда азық-түлік тәуелсіздігі сақталады. Аталған коэффициент бойынша, отандық өндіріс есебінен ішкі тұтынудың қандай көлемін қамтамасыз ете алатындығы ескеріледі. [4] Қазақстандағы жекелеген өнімдер бойынша азық-түлік тәуелсіздігі деңгейін қарастырсақ:

Кесте 1- Жекелеген өнім түрлері бойынша азық-түлік тәуелсіздігі деңгейі, (пайызбен)

Азық-түлік түрлері	Өндіріс көлемі (қорларды ескере отырып), (тонна)			Ел ішіндегі жеке және өндірістік тұтыну көлемі, (тонна)			Жекелеген өнім түрлері бойынша азық-түлік тәуелсіздігі деңгейі, (%)		
	2014	2015	2016	2014	2015	2016	2014	2015	2016

Нан өнімдері және жарма өнімдері	826129,0	832906,0	868571,0	910979,5	918508,9	942999,9	90,6	90,7	92,1
Ет және ет өнімдері	898954,1	930290,3	960422,8	1090188,7	1117665,1	1140685,7	82,4	83,2	84,1
Балық және теңіз өнімдері	31068,0	34436,0	37678,0	75821,8	82083,5	81415,2	40,8	42	46,3
Сүт және сүт өнімдері	715210,0	712494,0	759688,0	891538,0	868219,0	911426,4	80,2	82	83,4
Өсімдік майы	329480,0	290261,0	325385,0	445292,4	456702,1	484797,7	74	63,5	67,1
Жемістер	1137,0	3649,0	3104,0	146676,5	162319,2	147218,4	0,8	2,2	2,1
Көкөністер (картопсыз)	16436,0	18048,0	17066,0	87794,1	79409,8	69591,8	18,7	22,7	24,5
Қант, джем, бал, шоколад, кондитерлік өнімдер	476280,0	316409,0	508137,0	728835,0	592526,4	696240,5	65,3	53,4	73
Ескерту: [5] дереккөз негізінде автор құрастырған									

Кестеден жекелеген өнім түрлері бойынша өндіріс көлемі ел ішіндегі жеке және өндірістік тұтыну көлемінен төмен екенін көруге болады. Жоғарыдағы есептеулер нәтижесінде келесідей қорытынды шығаруға болады, жалпы республика бойынша азық-түлік тәуелсіздігінің көрсеткіші 100%-дан төмен деңгейді көрсетті, алайда бұл деңгей тұрғындардың толық қажеттілігін қанағаттандырмайды, сол себепті негізгі тұтынылатын азық-түлік түрлері бойынша отандық өндіріс көлемін арттыру үшін ауыл шаруашылығы саласына инновацияларды енгізу шешілуі күттірмес мәселе болып табылады. Аграрлық сектордың ел экономикасының жаңа драйверіне айналуын қамтамасыз ету үшін келесідей іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

1. Жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге біріктіру қажет;
2. Аграрлық ғылыми зерттеулерге салынатын инвестиция көлемін арттыру керек;

3. Ауыл тұрғындарына несие беру және оларға сервистік қызмет көрсету, сондай-ақ қаржылық құралдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
4. Субсидияларды бөлу қағидаттарына өзгертулер енгізіп, субсидия беру процесін автоматтандыру;
5. Су және жерді пайдалану тиімділігін арттыру;
6. Өнімді өңдеу сапасын жақсартып, тауарларды сақтау, тасымалдау және өткізу жүйесіне инновацияларды енгізу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. 2017 жылғы 31 қаңтардағы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // <http://www.akorda.kz>
2. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы: 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz>
3. Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы: 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңы // <http://adilet.zan.kz>
4. Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) мәліметтері // <http://www.fao.org>
5. Қазақстан Республикасы Статистика бойынша Агенттігінің жедел мәліметтері // <http://www.stat.gov.kz>